

Орал қаласы бойынша 2020 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 16 қаңтардағы № 65 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 31 қаңтарда № 6010 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № 2385 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 08.12.2020 № 2385 қаулысымен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылы 8 шілдеде № 13898 тіркелген) бұйрығына сәйкес, қала әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Орал қаласы бойынша 2020 жылға жұмыс орындарының квотасы ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан ұйымдардың жұмыскерлерінің тізімдік санынан ұйымдар үшін үш пайыз мөлшерінде белгіленсін:

осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес, ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін;

осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін;

осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін.

2. Орал қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 21 ақпандағы № 470 "Орал қаласы бойынша 2019 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5547 тіркелген, 2019 жылғы 5 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы (Е.Галиев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.Х.Нарымбетовке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Орал қаласының әкімі

А. Шыныбеков

Орал қаласы әкімдігінің
2020 жылғы 16 қаңтардағы
№ 65 қаулысына 1-қосымша

Орал қаласы бойынша 2020 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыс орындарының саны	Квота мөлшері	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны
	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік			

1	университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	950	3%	29
2	"Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	811	3%	24
3	Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының " Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	167	3%	5
4	"Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "№2 қалалық емхана" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	384	3%	12
5	Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "№ 3 қалалық емханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	318	3%	10
6	"ЖАЙЫҚ ЖАРЫҒЫ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	107	3%	3
7	Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының " А.Иманов атындағы жол-көлік колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	96	3%	3
8	Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының " Жоғары аграрлық-техникалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	225	3%	7
9	"Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "№4 қалалық емханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	379	3%	11

Орал қаласы әкімдігінің
2020 жылғы 16 қаңтардағы
№ 65 қаулысына 2-қосымша

Орал қаласы бойынша 2020 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота

	Ұйымның атауы	Жұмыс орындарының саны	Квота мөлшері	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны
1	"Западно-Казахстанская машиностроительная компания" Акционерлік қоғамы	992	3%	30
2	"Батыс Қазақстан электр желілерін таратушы компаниясы" Акционерлік қоғамы	1595	3%	48
3	"Жайықжылуқуат" Акционерлік қоғамы	1126	3%	34
4	"Талап" Акционерлік қоғамы	1091	3%	33
5	"Батыс су арнасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	839	3%	25
6	"КВАНТ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	699	3%	21
7	"Кублей" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	478	3%	14
8	"Желаев астық өнімдері комбинаты" Акционерлік қоғамы	551	3%	17

9	"УралТехСервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	229	3%	7
10	"АЛЬТАИР" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	240	3%	7
11	"Құрылыскомбинат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	234	3%	7
12	"Батыс Қазақстан Құрылыс Материалдарының Корпорациясы" Акционерлік қоғамы	201	3%	6
13	"QHSE-Ақбағус" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	418	3%	13
14	"Строительно-коммерческая фирма "Жаиксельстрой" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	281	3%	8
15	"КазАрмапром" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	356	3%	11
16	"ӨЖК "СЕРИК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	195	3%	6

Орал қаласы әкімдігінің
2020 жылғы 16 қаңтардағы
№ 65 қаулысына 3- қосымша

Орал қаласы бойынша 2020 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота

	Ұйымның атауы	Жұмыс орындарының саны	Квота мөлшері	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны
1	"Мирлан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	159	3%	5
2	"Батыс Энергоресурсы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	194	3%	6
3	"Тәуекел" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	164	3%	5
4	"СКФ Отделстрой" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	102	3%	3
5	"Стекло-Сервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	121	3%	4
6	"Фирма "Родник" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	91	3%	3
7	"Орал Таза Сервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	137	3%	4
8	"Агран" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	108	3%	3
9	"Уральская торгово-промышленная компания" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	96	3%	3
10	"БАТАЛАСУ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	64	3%	2
11	"Элита" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	43	3%	1

12	"Орал Жан-Ойл" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	73	3%	2
13	"Орал құс фабрикасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	126	3%	4
14	"Гелиос" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Орал филиалы	155	3%	5
15	"KazConstructionGroup" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	180	3%	5
16	"ОралТранс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	83	3%	2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК